

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктер үшін пруденциалдық нормативтер есеп айырысуларының нормативтік мәні мен әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 358 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 28 мамырдағы N 149 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі 2007 жылғы 4 шілдедегі Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4785 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 30 мамырдағы № 147 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.05.2016 № 147 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қолданушылардың назарына!!!

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.

Екінші деңгейдегі банктердің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Агенттік Басқармасының»"Екінші деңгейдегі банктер үшін пруденциалдық нормативтер есеп айырысуларының нормативтік мәні мен әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 358 қаулысына(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3924 тіркелген) Агенттік Басқармасының»"Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының»"Екінші деңгейдегі банктер үшін пруденциалдық нормативтер есеп айырысуларының нормативтік мәні мен әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 358 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 26 қарашадағы N 409 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3989 тіркелген),»"Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының»"Екінші деңгейдегі банктер үшін пруденциалдық нормативтер есеп айырысуларының нормативтік мәні мен әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2005

жылғы 30 қыркүйектегі N 358 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" 2006 жылғы 27 мамырдағы N 120 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4249 тіркелген),»"Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының»"Екінші деңгейдегі банктер үшін пруденциалдық нормативтер есеп айырысуларының нормативтік мәні мен әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 358 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2006 жылғы 17 маусымдағы N 135 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4311 тіркелген),»"Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының»"Екінші деңгейдегі банктер үшін пруденциалдық нормативтер есеп айырысуларының нормативтік мәні мен әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 358 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 23 ақпандағы N 47 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4579 тіркелген) қаулыларымен енгізілген толықтырулары мен өзгерістерімен бірге мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктер үшін пруденциалдық нормативтер бойынша есеп айырысудың нормативтік мәні мен әдістемесі туралы нұсқаулықта :

21-тармақтың 1) тармақшасындағы»"басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің" деген сөздер»"Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің (бұдан әрі - басқа рейтинг агенттіктері)" деген сөздермен ауыстырылсын;

34-тармақтың жиырмамыншы абзацындағы»"халықаралық рейтинг агенттіктері ретінде танылған басқа халықаралық рейтинг ұйымдарының бірінің" деген сөздер»"басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

44-4-тармақтағы сегізінші абзац»"Қазақстан Республикасының резидент еместері" деген сөздерден кейін», сондай-ақ Еуразиялық даму банкті ұйымдастыру жөніндегі 2006 жылғы 12 қаңтардағы келісімге сәйкес құрылған Еуразиялық даму банкі (бұдан әрі - Еуразиялық даму банкі)" деген сөздермен толықтырылсын;

5 3 - 2 - т а р м а қ т а :

үшінші абзац»"резидент еместеріндегі" деген сөздерден кейін "борыштық" деген сөзбен толықтырылсын;

алтыншы абзац»"резидент еместері" деген сөздерден кейін», сондай-ақ Еуразиялық даму банкі" деген сөздермен толықтырылсын;

53-3-тармақтың бесінші абзацы "резидент еместері" деген сөздерден кейін», сондай-ақ Еуразиялық даму банкі" деген сөздермен толықтырылсын;

1 - қ о с ы м ш а д а :

Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша сараланған банк активтерінің кестесінде:

реттік нөмірі 42-1-жолда:

"Баптар атауы" деген баған»"50%-нен" деген цифрдан кейін "қоса алғанда" деген сөзбен толықтырылсын;

"Тәуекел дәрежесі процентпен" деген бағандағы»"25" деген цифр "50" деген цифрмен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 43-жолда:

"Баптар атауы" деген бағандағы»"60%-нен аспайды" деген сөздер»"51%-нен 60% қоса алғандағы шекте болады" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Тәуекел дәрежесі процентпен" деген бағандағы»"50" деген цифр "75" деген цифрмен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 44-жолда:

"Баптар атауы" деген бағандағы»"70%-нен аспайды" деген сөздер»"61%-нен 70% қоса алғандағы шекте болады" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Тәуекел дәрежесі процентпен" деген бағандағы»"75" деген цифр»"100" деген цифрмен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 59-жолдың»"Баптар атауы" деген бағандағы "-тәуекел тобына" деген сөздер»"және V тәуекел топтарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 80-1-жолдың»"Тәуекел дәрежесі процентпен" деген бағандағы»"125" деген цифр "150" деген цифрмен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 80-2-жолмен толықтырылсын:

"

80-2	Тұтынушылық кредиттер	150
------	-----------------------	-----

" ;

Банктің салымдық тәуекел дәрежесі бойынша сараланған активтерінің есебіне түсіндірмеде:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Банктің салымдық тәуекел дәрежесі бойынша сараланған активтерін есептеу мақсатында:

ипотекалық тұрғын үй заемы ретінде жеке тұлғаларға тұрғын үй құрылысы үшін не оны сатып алу және (немесе) жөндеу мақсатында берілген ипотекалық заем түсініледі;

тұтынушылық кредит ретінде жеке тұлғаларға тауарларды, жұмыстарды және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес қызмет көрсетулерді сатып алуға берілген кредит түсініледі."

2. Осы қаулы 2007 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Стратегия және талдау департаменті (М.С. Бөбеев):

1) Заң департаментімен (М.Б. Байсынов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ о л ғ а а л с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, екінші деңгейдегі банктерге және»"Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне жіберсін.

4. Төраға қызметі (Е.Н. Заборцева) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л. Бахмутоваға жүктелсін.

Төраға